

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы объектілерінің жұмысын бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1286 қаулысы

Ескерту. ҚР Заңының жобасы ҚР Парламентінен кері қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 03.10.2014 № 1054 қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы объектілерінің жұмысын бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ А З А Қ С Т А Н

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы объектілерінің жұмысын бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-кұжат; 2000 ж., № 3-4, 66-кұжат; № 10, 244-кұжат; 2001 ж., № 8, 52-кұжат; № 15-16, 239-кұжат; № 21-22, 281-кұжат; № 24, 338-кұжат; 2002 ж., № 17, 155-кұжат; 2003 ж., № 10, 49-кұжат; № 14, 109-кұжат; № 15, 138-кұжат; 2004 ж., № 5, 25-кұжат; № 17, 97-кұжат; № 23, 140-кұжат; № 24, 153-кұжат; 2005 ж., № 5, 5-кұжат; № 13, 53-кұжат; № 24, 123-кұжат; 2006 ж., № 2, 19-кұжат; № 10, 52-кұжат; № 11, 55-кұжат; № 12, 72-кұжат; № 13, 86-кұжат; 2007 ж., № 3, 20-кұжат; № 4, 28-кұжат; № 9, 67-кұжат; № 10, 69-кұжат; № 13, 99-кұжат; 2008 ж., № 13-14, 56-кұжат; № 15-16, 62-кұжат; 2009 ж., № 15-16, 74-кұжат; № 17, 81-кұжат; № 24, 127, 130-кұжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-кұжат; № 3-4, 12-кұжат; № 7, 28, 32-кұжаттар; № 17-18, 111-кұжат; № 22, 130-кұжат; № 24, 151-кұжат;

2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 13, 64-құжат; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 34-2-тараудың және 312-7, 312-8, 312-9 және 312-10-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«34-2-тарау. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы істерді қарау

312-7-бап. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы істерді қарау

312-8-бап. Уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтініш б е р у

3 1 2 - 9 - б а п . Ө т і н і ш т і қ а р а у

312-10-бап. Ө т і н і ш б о й ы н ш а с о т ш е ш і м і »;

2) 237-баптың б) тармақшасындағы «қайта құрылымдау туралы шешімдер дереу орындалуға тиіс.» деген сөздер «қайта құрылымдау туралы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешімдер дереу орындалуға тиіс.»;

3) 289-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын: «4-2) энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы;»;

4) мынадай мазмұндағы 34-2-тараумен және 312-7, 312-8, 312-9, 312-10-баптармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«34-2-тарау. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы істерді қарау

312-7-бап. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы істерді қарау

Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы істерді сот Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктерімен осы Кодексте көзделген жалпы қағидалар бойынша қарайды.

312-8-бап. Уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтініш б е р у

1. Сотқа энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішті электр энергетикасы саласындағы у ә к і л е т т і о р г а н б е р е д і .

2. Заңда көзделген негіздер, сондай-ақ энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізудің басталуы және мерзімі көрсетілуге тиіс уақытша

басқаруды енгізу туралы өтінішке ұйымды тексеру актісі және уақытша басқаруды енгізудің заңда көзделген негіздері бар екенін растайтын басқа да құжаттар қоса беріледі.

3. Уақытша басқару аяқталатын күн көрсетілетін уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішке ұйымды тексеру актісі және уақытша басқарушының ұйымды уақытша басқарудың қолданылуы кезеңіндегі қызмет нәтижелері туралы есебі қоса беріледі.

312-9-бап. Өтінішті қарау

Сот энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу не мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішті ол сот ісін жүргізуге қабылданған күннен бастап бес күн ішінде қарайды.

312-10-бап. Өтініш бойынша сот шешімі

1. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша сот энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу немесе мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім шығарды.

Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу туралы сот шешімінде:

- 1) энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымның атауы;
- 2) уақытша басқаруды енгізу негізі;
- 3) уақытша басқарудың қолданылуының басталуы және мерзімі қамтылуға тиіс.

Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы сот шешімінде:

- 1) энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымның атауы;
- 2) уақытша басқарудың аяқталатын күні қамтылуға тиіс.

2. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымды уақытша басқаруды енгізу немесе мерзімінен бұрын аяқтау туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап үш күн ішінде сот оның көшірмесін энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымға, электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органға және аумақтық атқарушылық іс жүргізу органдарына жібереді.»

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-

құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20,23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 54, 56-құжаттар; № 13, 62, 63, 64-құжаттар;

№ 14, 72-құжат);
1) мазмұнында:

223-1-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«223-1-бап. Әзірлік паспортына қойылатын талаптарды бұзу»;
мынадай мазмұндағы 225-2, 225-3, 225-4 және 225-5-баптардың тақырыптарымен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«225-2-бап. Пайдаланылатын отын қорының нормаларын бұзу

225-3-бап. Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдығына,
ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді
ұйымдастырудың белгіленген қағидаларын, сондай-ақ энергетикалық жабдықты
жөндеуге шығару тәртібін және мерзімдерін бұзу

225-4-бап. Техникалық шарттарды беруге қойылатын белгіленген талаптарды бұзу

225-5-бап. Энергетикалық сараптаманы жүргізуге қойылатын белгіленген
т а л а п т а р д ы б ұ з у » ;

2) 223-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«223-бап. Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдаланудың, электр
станциялары мен жылу желілерінің жылу-механикалық жабдығын пайдалану кезінде
қауіпсіздік техникасының, тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық

пайдалануының бекітілген қағидаларын бұзу, сондай-ақ энергия тұтынудың белгіленген режимдерін бұзу

Авария қаупіне, қоршаған ортаның ластануына, өртке немесе қызмет көрсетуші персоналдың өміріне қауіпті жай-күйге әкеп соқтырған, электр станциялары мен жылу желілерінің жылу-механикалық жабдығын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының, тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдаланудың белгіленген қағидаларын, сондай-ақ басқа да энергия тұтынушыларды шектеуге және (немесе) одан ажыратуға әкеп соқтырған энергия тұтынудың белгіленген режимдерін бұзу, -

жабдықтар мен электр қондырғыларын пайдалануға байланысты қызметі тоқтатыла тұрып немесе оған тыйым салына отырып не онсыз, жеке тұлғаларға – он бес, лауазымды адамдарға – жиырма бес, дара кәсіпкерлерге – жетпіс бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 223-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«223-1-бап. Әзірлік паспортына қойылатын талаптарды бұзу

1. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың әзірлік паспортына қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы хабарламаның белгіленген мерзімін бұзуы - лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың әзірлік паспортына қойылатын талаптардың сәйкестігі туралы дәйексіз мәліметтерді ұсынуы, сол сияқты энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі қызметті әзірлік паспортына қойылатын талаптарға сәйкес келтірмей жүзеге асыруы - лауазымды адамдарға – қырық, әзірлік паспортын алған ұйымдар тізілімінен алып тастай отырып, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір мың, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 225-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«225-1-бап. Электр және жылу желілері жолдарының, газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарында жұмыстар жүргізу

Қарамағында электр немесе жылу желілері не газбен жабдықтау жүйелерінің объектілері бар ұйымдардың келісімінсіз, электр және жылу желілері жолдарының, газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарында құрылыс, монтаж, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұнғымалар мен шурфтардың құрылысына байланысты іздестіру жұмыстарын жүргізу, аландарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыру, базарларды орналастыру, материалдарды қоймаға жинау, қоршаулар мен дуалдар соғу, қатты тұрмыстық қалдықтарды тастау, күйдіргіш коррозиялы заттар мен

жанар-жағармай материалдарын тастау мен төгу -
жеке тұлғаларға және лауазымды адамдарға – жиырма бес, дара кәсіпкерлерге және
заңды тұлғаларға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп
с о ғ а д ы . » ;

5) мынадай мазмұндағы 225-2, 225-3, 225-4 және 225-5-баптармен толықтырылсын:

«225-2-бап. Пайдаланылатын отын қорының нормаларын бұзу

Энергия өндіруші ұйымдардың пайдаланылатын отын қорының белгіленген
н о р м а л а р ы н б ұ з у ы , -

лауазымды адамдарға – елу, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта
кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір мың, ірі кәсіпкерлік
субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

225-3-бап. Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдығына,
ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді
ұйымдастырудың белгіленген қағидаларын, сондай-ақ энергетикалық жабдықты
жөндеуге шығару тәртібін және мерзімдерін бұзу

1. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың электр станцияларының, жылу
және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық
қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастырудың белгіленген қағидаларын
б ұ з у ы , -

лауазымды адамдарға – жиырма, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға екі жүз
айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың тұтынушыларды шектеу және (не-
месе) одан ажырату қаупіне әкеп соқтырған электр станцияларының, электр беру
желілерінің, шағын станциялар мен жылу желілерінің негізгі жабдығын жөндеу
м е р з і м д е р і н б ұ з у ы , -

лауазымды адамдарға – бір жүз, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға, – бір мың
айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жүйелік оператордың электр станцияларының, электр беру желілерінің, шағын
станциялардың негізгі жабдығын жөндеуді келісудің тәртібін бұзуы, -
лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

225-4-бап. Техникалық шарттарды беруге қойылатын белгіленген талаптарды бұзу

1. Электр және жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар берудің тәртібі мен
мерзімдеріне қойылатын белгіленген талаптарды бұзу, -

лауазымды адамдар мен заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін
бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, -
лауазымды адамдарға – он бес, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Электр және жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар беруден заңсыз бастарту,

лауазымды адамдарға – қырық, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

225-5-бап. Энергетикалық сараптама жүргізуге қойылатын белгіленген талаптарды бұзу

1. Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген оны жүргізуге қойылатын талаптарды бұзуы,

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет, аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – елу, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Сараптама нысанасы бойынша материалдық нұқсан келтіруге әкеп соқтырған дәйексіз мәліметтерді қамтитын энергетикалық сараптама қорытындысын беру,

жеке тұлғаларға – аккредиттеу туралы куәліктен айыра отырып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш, заңды тұлғаларға аккредиттеу туралы куәліктен айыра отырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыстың (түсімнің) жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыс (түсім) деп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған заңды тұлғаның энергетикалық сараптама жүргізгені үшін алған немесе алуға тиіс болған табысы (түсімі) түсініледі.

б) 541-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80 – 84, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 86-2, 87 (2-1 және 2-2-бөліктерінде), 86-2, 87 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 87-2, 87-3, 87-4, 87-5, 95 – 110-1, 122, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 135-1, 136 – 136-2, 140 (екінші бөлігінде), 141-1, 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-6 (2-1-бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші бөліктерінде), 147-11 (жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 147-12, 147-13, 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 167-1 (екінші және үшінші

бөліктерінде), 168-1, 168-3, 168-5, 168-8, 175 (екінші бөлігінде) (жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 176 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 187, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 200, 202, 203, 206-2, 208-1, 209, 213 (төртінші – алтыншы бөліктерінде), 214, 219-6, 219-8 (екінші және үшінші бөліктерінде), 222 – 223-1 (екінші бөлігінде), 224, 225, 225-1 (электр және жылу желілері жолдарының күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 225-5 (екінші, үшінші бөліктер), 226, 228 – 229, 230-1, 230-2, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 235-1 (төртінші бөлігінде), 237, 237-1, 240-2, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде), 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 306-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 309-5, 310-1 (1-1 және екінші бөліктерінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 312-1, 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 317-4 (екінші және үшінші бөліктерінде), 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-1, 324-2, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 328-2 (екінші бөлігінде), 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 341-1, 342 – 344, 346 – 357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-5, 357-6, 357-7 (екінші бөлігінде), 359, 361, 362, 362-1, 363, 365, 366, 367, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде), 371 (екінші бөлігінде), 372 – 376, 380 (екінші бөлігінде), 380-2, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 388-1, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 394-1, 396 (төртінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426 – 430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 445, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (бесінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469, 471 (1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512 – 1 – 512-5, 513 – 518, 520 – 537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

7) 548-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органдары осы Кодекстің

219-1, 219-2, 219-3, 219-4, 219-5, 219-7, 219-8 (бірінші бөлігі), 219-10, 223-1 (бірінші бөлігі), 225-2, 225-3, 225-4, 225-5-баптарында (бірінші бөлігі) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.»;

8) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының қырық үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органдарының (127 (бірінші бөлігі), 147-13, 219-8 (екінші және үшінші бөліктері), 223, 223-1 (екінші бөлігі), 224, 225, 225-1 (электр және жылу желілері жолдарының күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 225-5 (екінші, үшінші бөліктері), 356, 357-1);».

3. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-3) күрделі жөндеу – базалық бөлшектерді қоса алғанда, жабдықтың кез келген бөлшектерін ауыстыру немесе қалпына келтіру арқылы энергетикалық жабдықтың немесе желінің жарамдылығын қалпына келтіру және олардың ресурсын толық немесе толық дерлік (кемінде 80 %) қалпына келтіру, жөнделген бөлшектерді және тұтастай жабдықты тексеру және реттеу, желінің тозған конструкциялары мен учаскелерін ауыстыру немесе қалпына келтіру немесе оларды жөнделетін объектілердің пайдалану мүмкіндіктерін жақсартатын неғұрлым мықты және үнемді бөлшектерге ауыстыру мақсатында жүзеге асырылатын жоспарлы жөндеу;

2-4) күзгі-қысқы кезең – басталуын, өткізілуін және аяқталуын жергілікті атқарушы орган белгілейтін жылыту маусымы;»;

15-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15-1) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган – елді мекендердің шегінде электрмен жабдықтау (0,4 киловольт электр желілік объектілер) және қуаты 100 гигакалорий/сағат және одан жоғары деп белгіленген жылу электр орталықтарынан және қазандықтардан басқа, жылумен жабдықтау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

мынадай мазмұндағы 25-1), 47-1) және 47-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«25-1) ірі тұтынушы – орташа тәуліктік (базалық) қуаты кемінде 1 мегаватт көлеміндегі электр энергиясын тұтынуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;»;

«47-1) сарапшы ұйым – тиісті санат бойынша энергетикалық сараптама жүргізуге

белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйым;

47-2) сарапшы – техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өткен және тиісті санат бойынша энергетикалық сараптама жүргізуге белгіленген тәртіппен аккредиттелген сарапшы ұйым қызметкері;» ;

2) 3-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) электр энергиясын өндірудің, берудің, техникалық диспетчерлеу мен тұтынудың сенімділігін, қауіпсіздігі мен үнемділігін мемлекеттік қадағалау және бақылау ; » ;

3) 4 - б а п т а :

3) тармақша алынып тасталсын;

17), 31), 34), 37) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«17) электрмен жабдықтаудың авариялық және технологиялық брони актісін жасау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;»;

«31) электр энергетикасындағы жұмыс орындарын аттестаттау, ұтымды ету, есепке алу және жоспарлау қағидаларын бекітеді;»;

«34) жылу электр станцияларының электр қуатын шектеуді және оларды қысқарту жөніндегі іс-шараларды келісу қағидаларын бекітеді;»;

«37) электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеру жүргізу қағидаларын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын:

«37-1) электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілігін тексеруге жататын адамдардың тізбесін бекітеді ; » ;

38) және 38-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«38) сарапшы ұйымдарды тарта отырып, электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдығының, ғимараттары мен құрылыстарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдығының техникалық жай-күйіне мерзімді зерттеп қарауды жүргізу қағидаларын бекітеді;»;

«38-5) энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындалу және оны өткізу қағидаларын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 38-8) және 38-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«38-8) ұйымдарды, сарапшыларды энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеу қағидаларын бекітеді ;

38-9) 1000 вольтке дейінгі және 1000 вольттен жоғары электр желілері және жылу желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларын бекітеді ; » ;

4) 5 - б а п т а :

7), 13), 14-1), 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«7) электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;»;

«13) міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын, осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын тексерулерді жүргізудің жылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

«14-1) энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындығы және оны өткізу қағидаларын әзірлейді;»;

«23) ұйымдарды, сарапшыларды энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеу қағидаларын әзірлейді;»;

24) тармақша алынып тасталсын;

39) және 45) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«39) электр энергетикасындағы жұмыс орындарын аттестаттау, ұтымды ету, есепке алу және жоспарлау қағидаларын әзірлейді;»;

«45) электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді;»;

мынадай мазмұндағы 45-1), 46-8) және 46-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«45-1) электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидаларын және техникалық қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілігін тексеруге жататын адамдардың тізбесін әзірлейді;»;

«46-8) осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын тексерулерді тағайындау туралы актілерді, тексерулерді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту және оған қатысушылардың құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекітеді;

46-9) 1000 вольтке дейінгі және 1000 вольттен жоғары электр желілері және жылу желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларын әзірлейді;»;

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау

1. Электр энергетикасы саласындағы қадағалауды және бақылауды мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган

:

1) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің техникалық талаптарының сақталуын;

2) электр станцияларының энергетикалық жабдығының, электр және жылу

желілерінің, тұтынушылардың электр қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін қадағалауды және бақылауды жүзеге асырады.

3. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Осы Заңның 6-1-бабына сәйкес жүзеге асырылатын тексерулерді қоспағанда, тексерулер «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік энергетикалық қадағалаудың және бақылаудың өзге нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган:

1) өз құзыреті шегінде бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің, электр станциялары мен электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарды тексерулерді ұйымдастыруды және оларды есепке алуды жүзеге асырады;

2) электр станцияларының энергетикалық жабдығының, электр және жылу желілерінің, ірі тұтынушылардың энергетикалық жабдығының техникалық жай-күйін мерзімді зерттеп қарауды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

3) электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдығын пайдалануды, жөндеуді және ретке келтіруді, сондай-ақ энергиямен жабдықтау мақсатында электр және жылу энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуін біліктілік тексеруді ұйымдастыруды жүзеге асырады;

4) ұйымдар мен сарапшыларды энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеуді жүзеге асырады;

5) тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 киловаттан жоғары және кернеуі 1000 вольттен жоғары электр қондырғыларын электр желілеріне қосуға рұқсат береді;

6) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуын жою туралы, оның ішінде энергетикалық жабдықты пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсаты жоқ, сондай-ақ техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуге біліктілік тексеруден өтпеген адамдарды жұмыстан шеттетуге туралы орындау үшін міндетті нұсқама береді;

7) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін энергетикалық жабдықты ақаулары жойылғанға дейінгі кезеңге пайдалануға тыйым салады немесе пайдалануды тоқтата тұрады;

8) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын бұзушылықтар бойынша сотқа жүгінеді және істерді соттың қарауы кезінде қатысады;

9) электр және жылу энергиясын пайдалану саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тартады.

5. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) тексерілетін субъектінің (объектінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз к і р у г е ;

2) бақылауға жататын энергетикалық жабдықты зерттеп қарау, энергетикалық ұйымдарды кешенді тексеру жүргізу және электр станциялары энергетикалық жабдығының, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарды тексеру кезінде сарапшыларды (мамандарды) тартуға;

3) ұйымдардың меншік иелеріне немесе басқару органдарына тексерулердің және бақылау мен қадағалаудың өзге нысандарының нәтижелері бойынша анықталған электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзуға кінәлі тұлғаларды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын бұзуға кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы материалдарды тиісті мемлекеттік органдарға ж і б е р у г е қ ұ қ ы л ы . » ;

8) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

«6-1-бап. Тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

1. Осы бапта Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі электр станцияларының энергетикалық жабдығын, кернеуі 0,4 киловольттан жоғары электр желілерін, магистральдық жылу желілері мен белгіленген қуаты 100 гигакалорий/сағаттан астам қазандықтарды пайдалану және олардың техникалық жай-күйі жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік энергетикалық қадағалауды және бақылауды жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастар реттеледі.

2. Тексерулер жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді. Жоспарлы тексеру – уәкілетті орган бекіткен тексерулер жоспарының негізінде нақты тексерілетін субъектіге қатысты тағайындалатын және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында белгіленген тексеру нысанасына қойылатын талаптардың сақталуы мәселелерінің кешені бойынша жүргізілетін тексеру.

Жоспардан тыс тексеру – адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне айтарлықтай зиян келтірілген не зиян келтіру қаупі төнген жағдайларда, мемлекеттік қадағалау және бақылау органының бастамасы бойынша нақты тексерілетін субъектіге қатысты тағайындалатын тексеру.

Жоспардан тыс тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тексеру нысанасына қойылатын талаптарды сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша жүргізіледі.

Жоспардан тыс тексеру жасырын өтініш берілген жағдайларда жүргізілмейді.

3. Тексерулер жоспары күнтізбелік бір жылға жасалады және мемлекеттік

энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның аумақтық бөлімшелерінің тізбесін, тексерілетін субъектілердің объектілерін және тексерулерді жүргізу кезеңдерін қамтуға тиіс.

Тексерулер жоспарына тексерілетін субъектілер – энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен ірі тұтынушылар енгізіледі.

Жоспарлы тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде тексерулер жоспары мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның ресми интернет-ресурсында жариялануға жатады.

4. Тексерулер тексерілетін субъектінің ішкі тәртібінің қағидаларында белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеру бұзушылықтардың жолын кесу немесе оларды жасаудың мән-жайларын белгілеу қажет болған жағдайларда, жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілуі мүмкін.

5. Тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту, тексеруге қатысушылар құрамының өзгеруі туралы хабарламаларды тіркеу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Тексеруді тағайындау және тексеру нәтижелері туралы актілер, электр энергетикасы туралы заңнама талаптарының бұзылуын жою туралы нұсқамалар, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімін ұзарту, тексеруге қатысушылар құрамының өзгеруі туралы хабарламалар уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жасалады.

Көрсетілген актілер мен хабарламалар, сондай-ақ тексерілетін субъектіге тексеру жүргізудің басталуы туралы хабарлама тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындаған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган басшысының цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық құжат нысанында не өзге тәсілмен жіберіледі. Тексеруді тағайындау туралы акт жіберілген күннен кейінгі жұмыс күні тексеру жүргізудің басталуы болып есептеледі.

7. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген тексеру қызметінің актілерін алған кезден бастап бір тәулік ішінде тексерілетін субъект тексеруді тағайындаған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға электрондық құжат нысанында немесе өзге тәсілмен оларды алғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Хабарламаларды беру электрондық түрде жүзеге асырылатын ақпараттық жүйе өзгертілген жағдайда, тексерілетін субъектілер мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға бұл туралы дереу хабарлайды.

8. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын тексерілетін субъектіге тексеру жүргізу мерзімдері мен тексерілетін объектілерді көрсете отырып, жоспарлы тексеру жүргізудің басталуы туралы хабарлайды.

Жоспардан тыс тексеру тағайындалған кезде Қазақстан Республикасының электр

энергетикасы туралы заңнамасының талаптарын бұзу туралы ақпаратты тексеруге байланысты жағдайларды қоспағанда, тексеруді жүргізудің басталуы туралы хабарлама тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жіберіледі.

9. Тексеру тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізіледі.

Тексеру тағайындау туралы акт жіберілген күннен кейінгі жұмыс күні тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

Тексеру үшін объектіге келген мемлекеттік техникалық инспекторлар тексеру тағайындау туралы актіні және қызметтік куәлігін көрсетуге міндетті. Өзге құжаттарды көрсету туралы талап қоюға жол берілмейді.

Тексерілетін объектіге кіруге кедергі келтірілген жағдайда, мемлекеттік техникалық инспектор хаттама жасайды. Тексерілетін объектіге кіргізуден бас тарту тексеру жүргізбеу үшін негіз болып табылмайды.

Тексеруді тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген мемлекеттік техникалық инспектор ғана жүргізеді. Тексеруді жүргізетін мемлекеттік техникалық инспекторлардың құрамы мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін, бұл туралы тексерілетін субъектіге тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың тексеруге қатысуы басталғанға дейін хабарлама жіберіледі.

10. Тексеруді жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі ескеріле отырып белгіленеді және ол отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеруді жүргізу мерзімін мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органының басшысы отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Тексеруді жүргізу мерзімі ұзартылған жағдайда, тексеру мерзімі аяқталғанға дейін тексерілетін субъектіге тексеруді ұзарту туралы хабарлама жіберіледі.

Тексеру бір айдан аспайтын мерзімге бір рет тоқтатыла тұруы мүмкін. Арнайы зерттеулерді, сынақтарды, сараптамаларды отыз жұмыс күнінен асатын мерзімде жүргізу қажет болған жағдайларда, тексеру жүргізудің мерзімі олар алынғанға не орындалғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Тексеруді тоқтата тұрған не қайта бастаған жағдайда, тексерілетін субъектіге тексеру тоқтатыла тұрғанға не қайта басталғанға дейін кемінде бір күн бұрын тиісті х а б а р л а м а жіберіледі.

Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен б а с т а п ж а л ғ а с а д ы .

Тексеру тоқтатыла тұрған және осы бапта белгіленген мерзімдерде қайта басталмаған тексерілетін субъектіні қайтадан тексеруді жүргізуге жол берілмейді.

11. Мемлекеттік техникалық инспектор тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Тексерілетін субъектінің тексеру нәтижелері бойынша қарсылықтары жазбаша түрде баяндалады және тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, ол туралы

т и і с т і

б е л г і

ж а с а л а д ы .

Тексеру нысанасына қойылатын белгіленген талаптарды бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

Тексерілетін субъектіде түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшаларының көшірмелері бар тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы тексерілетін субъектіге жіберіледі.

12. Тексеру нәтижелері бойынша тексеру нысанасына қойылатын белгіленген талаптарды бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган тексерілетін субъектіге бұзушылықтарды жою туралы н ұ с қ а м а жі б е р е д і .

Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қарсылықтар болмаған жағдайда, тексерілетін субъект үш жұмыс күнінен кешіктірмей, тексеруді жүргізген мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органының басшысымен келісілетін мерзімдерді көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпарат беруге міндетті.

Тексерілетін субъект нұсқаманы алған кезден бастап үш жұмыс күнінің ішінде нұсқаманы берген мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға өзінің қарсылықтарын енгізуге құқылы, олар бес жұмыс күні ішінде қаралуға ж а т а д ы .

Тексерілетін субъект нұсқамаға қарсылықтарын қарау нәтижелерін алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жоғары тұрған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға немесе сотқа нұсқамаға шағымдануға құқылы.

Шағым беру нұсқаманың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Жоғары тұрған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган нұсқамаға шағымды он жұмыс күнінің ішінде қарайды және нұсқаманың күшін толық немесе ішінара жою не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады. Өтініш берушінің өтініші бойынша нұсқаманы орындау шағымды қарау кезеңіне тоқтатыла тұруы мүмкін, бұл туралы өтініш берушіге өтініш түскен күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде хабарланады.

13. Тексерілетін субъектілер:

1) м ы н а д а й :

жоспарлы тексеру тағайындалған кезде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тексерулер жоспарында тексерілетін объект болмаған;

тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеру жүргізу мерзімдері өтіп кеткен не тексеру мерзімдері осы баптың 10-тармағында белгіленген мерзімнен артық ұ з а р т ы л ғ а н ;

осы баптың 15-тармағында белгіленген, тексерулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптар өрескел бұзылған жағдайларда, тексеру жүргізу үшін объектіге келген мемлекеттік техникалық инспекторларды тексеруге жібермеуге;

2) егер жүргізілген тексерудің нысанасына қатысты болмаса немесе тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге қатысты болмаса, мәліметтер бермеуге;

3) тексеру тағайындау туралы актіге, тексерудің нәтижелері туралы актіге және мемлекеттік техникалық инспекторлардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

14. Тексерілетін субъектілер:

1) тексеру жүргізу үшін өзінің аумағына және үй-жайларына мемлекеттік техникалық инспекторлардың кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік техникалық инспекторларға тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электронды жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін беруге, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуіне мүмкіндік беруге;

3) объектіге тексеру жүргізу үшін келген мемлекеттік техникалық инспекторлардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

15. Мыналар:

1) тексеру жүргізуге негіздердің болмауы;

2) тексеру тағайындау туралы актінің болмауы тексеруді жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

Тексерудің жарамсыз деп танылуы осы тексеру нәтижелері туралы актінің және бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жоюға негіз болып табылады.

Тексерілетін субъектінің өтінішін мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тексерудің жарамсыздығына байланысты тексеру нәтижелері туралы актінің күшін жою туралы қарауы өтініш берілген кезден бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Өтінішті қараудың белгіленген мерзімінің бұзылуы тексерілетін субъектінің пайдасына шешіледі.

7) 12 - бапта:

2-тармақтың б) тармақшасындағы «жетілдіруге міндетті.» деген сөздер «жетілдіруге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға туындаған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы белгіленген тәртіппен ақпарат беруге міндетті.»;

8) 13-бап мынадай мазмұндағы 8, 9, 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

«8. Электр станцияларының энергетикалық жабдығын, электр және жылу желілерін пайдалануды, жөндеуді және ретке келтіруді, сондай-ақ энергиямен жабдықтау мақсатында электр және жылу энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдардың

персоналы белгіленген тәртіппен техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өтуге және (немесе) олардың энергетикалық жабдықты пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсатының болуы м і н д е т т і .

9. Ірі тұтынушылардың электр және жылу пайдалану қондырғыларын пайдалануды, жөндеуді және ретке келтіруді жүзеге асыратын персонал белгіленген тәртіппен техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өтуге және олардың энергетикалық жабдықты пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсатының болуы міндетті.

10. Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясы артық болған жағдайда, энергия өндіруші ұйым Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін энергия өндіруші ұйым өткізетін электр энергиясының құнынан төмен болмайтын баға бойынша электр энергиясын Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге сатуды жүзеге асыруға құқылы.

11. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде өндірілетін электр энергиясын сатып алу Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясы тапшы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.»;

9) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

«20-1-бап. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымдарды уақытша басқару

1. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымдарды уақытша басқару (уақытша басқару) күзгі-қысқы кезеңде электр және жылу энергиясын тұтынушыларды іркіліссіз қамтамасыз етуге бағытталған әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдық-техникалық және басқа да іс-шаралар кешені мен рәсімдерді жүргізуді білдіреді және тұтынушыларға электр немесе жылу энергиясын жеткізуді тоқтатуға әкеп соққан негізгі энергетикалық жабдықтың пайдаланылуы тоқтатыла тұрған, сондай-ақ авариялардың алдын алу немесе оның салдарын жою бойынша бес және одан көп тәулік ішінде тиісті шаралар қабылданбаған жағдайда ғана енгізіледі.

2. Энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымдарды уақытша басқару мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның ұсынысы негізінде уәкілетті органның өтініші бойынша алты айға дейінгі мерзімге сот ш е ш і м і м е н е н г і з і л е д і .

3. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның уақытша басқаруды енгізу үшін негіздердің болуы туралы деректерді қамтитын ұйымға тексеру жүргізу туралы акт қоса берілген уақытша басқаруды енгізу туралы ұсынысын уәкілетті орган ол енгізілген кезден бастап бес жұмыс күнінің ішінде қарауға тиіс.

4. Сот уақытша басқару туралы шешім қабылдаған күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде уәкілетті орган ұйым қаражатының есебінен республикалық, облыстық маңызы бар кемінде екі газетте мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымды уақытша басқаруды енгізу туралы хабарландыруды жариялайды.

5. Уақытша басқару ол қолданылатын кезеңде уәкілетті орган тағайындаған ұйымның және оған есеп беретін уақытша басқарушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Ұйымды уақытша басқару қолданылатын кезеңде:

1) ұйымды басқару бойынша барлық өкілеттіктер уақытша басқарушыға өтеді;
2) ұйымды басқару органдарының және оның басшы қызметкерлерінің өкілеттіктері тоқтатылады;

3) уақытша басқару енгізілгеннен кейін энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымның атынан және есебінен уақытша басқарушының жазбаша келісімінсіз жасалған мәмілелер жарамсыз деп танылады.

4) азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуден туындайтын талаптарды қоспағанда, кредиторлардың барлық талаптарын қанағаттандыру тоқтатылады.

7. Уақытша басқарушы:

1) ұйымды басқарудың атқарушы органының барлық өкілеттіктерін жүзеге асырады;

2) ұйымның мүлкін иелігінен шығару, кепілге беру және мүліктік жалдау жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, шарттар жасасады және уақытша басқаруды енгізуге байланысты мәселелерді шешуге бағытталған құжаттарға қол қояды;

3) ұйым атынан және оның мүддесінде өкілдік етуді жүзеге асырады;

4) өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті бұйрықтар мен өзге де актілерді шығарады;

5) өз қызметі және ұйым қызметі туралы уәкілетті органға уақытша басқару қолданылатын кезеңде ай сайынғы және уақытша басқару аяқталған соң түпкілікті есептерді ұсынады;

6) уәкілетті органға уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы ұсыныс енгізеді.

8. Уақытша басқарушы және ұйымның ол тағайындаған лауазымды адамдары уақытша басқару кезеңінде өздерінің заңсыз әрекеттерімен ұйымға келтірген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

9. Уақытша басқару мынадай негіздер:

1) сот шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің аяқталуы;
2) соттың уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы бойынша тоқтатылады.

10. Ұйымның уақытша басқаруды енгізуге әкеп соққан себептерді жоюы уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтауға негіз болып табылады.

11. Уақытша басқарудың аяқталуы ұйымға қатысты барлық шектеулерді алып тастауға әкеледі.»

4. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»

2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 88-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат):

1) 12-баптың 3-тармағының 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі электр станцияларының энергетикалық жабдығын, кернеуі 0,4 киловольттан жоғары электр желілерін, белгіленген қуаты 100 гигакалорий/сағаттан астам магистральдық жылу желілері мен қазандықтарды пайдалану және олардың техникалық жай-күйі жөніндегі талаптарды сақтауға;»;

2) көрсетілген Заңға қосымшада:

2-тармақтың 17) тармақшасындағы «қауіпсіздік саласында жүзеге асырылады.» деген сөздер «қауіпсіздік саласында:» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

«18) электр энергетикасы саласында жүзеге асырылады.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті